

«Дидар-Нұр» ЖШС балабақшасы



[Handwritten signature]

педагогикалық кеңес отырысында

«23» тамыз 2022ж.

2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫНА АРНАЛҒАН ЖЫЛДЫҚ ЖОСПАР

Шалқар-2022

I бөлім. «Дидар-Нұр» ЖШС балабақшасы бойынша АҚПАРАТТЫҚ МӘЛІМЕТІ

Балабақша жайлы аналитикалық анықтама

Құқықтық статусы

Мектепке дейінгі ұйымның толық атауы: Шалқар қаласы ЖШС «Дидар-Нұр» балабақшасы

Мемлекеттік тіркеу туралы куәлік:

Шалқар қаласы ЖШС «Дидар-Нұр» балабақшасының Жарғысы:

Ғимарат түрі және салынған жылы:, 2021ж.,

Мекен жайы: **Әйтеке би, 30** телефон:

Балабақша меңгерушісі: Майтанова Баянсұлу Берікқызы

Жалпы балалардың тізімі - **51**

Жұмыс жасайтын топтар саны: -3

Оның ішінде бала саны:

Мектепке дейінгі топтар -3. Бала саны- 51

Балабақшаның жұмыс уақыты: 8.00-18.30дейін.

Педагог мамандар саны-8

Өткен оқу жылының жұмыстарының қортындысы

Жұмыс бағыттары	Нәтижелерін анықтау	Жақын кезең мақсаттары
Білім облыстары бойынша оқыту жұмыстары:		
«Денсаулық»: -дене шынықтыру; -қауіпсіз мінез-құлық негіздері	Балалар мәдени- гигиеналық және өз-өзіне, өзгеге қызмет көрсету дағдыларын меңгерді. Балалар еркін қозғалыс пен физикалық белсенділіктерін көрсетеді, қалыптан тыс жағдаяттарда физикалық дағдыларын қолданады.	Балалардың жағымды әдеттер мен қауіпсіздік ережесін ұстануын; салауатты өмір салтының үлгілерін күнделікті өмірде сақтауын, физикалық жаттығуларды орындауда шығармашылығын қалыптастыру.
«Коммуникация»: -сөйлеуді дамыту; -көркем әдебиет; -сауат ашу негіздері; -мемлекеттік және орыс тілдерін үйрету;	Балалар қарым –қатынас дағдыларын қолдана отырып, өз ойларын жеткізуде тілді ретімен қолданады. Әңгіме барысында жай және жайылма сөйлемдерді қолдана отырып диалогты сөйлей алады.	Балалардың өзіндік қабілет терін орнықтырып, ересектермен байланыстарын нықтап ана-тілін еркін меңгеруін қалыптастыру. Балалар тілді өз ойларын, сезімдерін жеткізу құралы ретінде қолданып, өзгелердің ақпараттарын түсініп, түрлендіре айта алуы.
«Таным»: -Математика негіздері; -сенсорика; -құрастыру; -жаратылыстану;	Балалар танымдық қабілеті мен жалпы білімін тіл, логикалық математикалық талдау, бағыт-бағдар түсініге, бойынша музыкалық – шығармашылық еңбек, бойынша проблемаларды шешуге пайдаланады.	Қоршаған орта мен жаратылыстану туралы білімін тереңдете және кеңейте отырып, оны күнде ілкті өмірде, отбасында, қоғамда дамытып, таным дық қабілетін арттыруда жалпы білім беру факторы негізінде қалыптастыру.

«Шығармашылық»: -сурет салу; -мүсіндеу; -жапсыру; -музыка;	Балалар шығармашылық қабілеттерін бейнелеу өнері мен музыкалық іс- әрекеттерінде көрсете алады «шығармашылық бейімділігі» мен дағдыларын (театрлық, көркемдік, бейнелеу өнері, музыкалық, қойлымдарда) көрсете алады.	Өнер саласы бойынша негізгі білімдермен сусындату: кейіпкердің образын бейнелей алуы; өзінің шығармашылық ойы арқылы проблеманы шешуі, түрлі амалдар, жағдаяттар ойластыру дағдыларын қалыптастыру.
«Әлеумет»: -өзін-өзі тану; -қоршаған ортамен танысу;	Балалардың өзіне және табиғатқа деген оң көзқарасын, өз іс-әрекеттерінің салдарын бағалай және ұғыну қабілеттілігі қалыптасты.	Өзіне және айналасына жауапты қарым – қатынасын; өз және өзге адамдар құқығын қорғауда шиеленіс кен жағдаяттарды нормативті әдіске сай жаңаша шешім қабылдай білу қабілеттерін қалыптастыру.
Кадрлармен жұмыс	Педагогтар педагогикалық білімдерді игерген: – балалардың өсу және олармен технологиялық өзара әрекет ету заңдылықтарын білуі; - балалардың өсу деңгейін анықтау әдістерін білуі; - мемлекеттік стандарт талаптарын білуі. - аймақтық білімдік компонент стандартының мазмұнын білуі; - педагогикалық жүйе бағытының негізін білуі; - мектепалды тәрбиемен оқыту әдістемесін білуі; - педагогикалық жүйені үш негізгі блок бойынша ұйымдастыруы: ұйымдасқан жүйелі оқыту, балалармен ортақ әрекет және балалардың өзі бетінше әрекеті	Тәрбиеге байланысты балаларды дамыту мен оқытуға қатысты сұрақтарды ғылыми-педагогикалық әдебиеттерден алуға; өз әрекетінің талдау негізіне сүйене отырып жаңа мақсат пен міндеттерді құруға; өзін-өзі профессионалды жетілдіру мен біліктілігін арттыруда бағдарлама құра білуге баулу. Педагогикалық жүйені диагностика нәтижелері негізінде білім салалары бойынша жұмыс жүйесінің міндетін меңгерту арқылы қалыптастыру.
Ата-аналармен жұмыс	Ата-аналарды педагогикалық әрекетімен таныстыру жұмыстары жүргізілді: - балалармен атқарылатын жұмыстар ерекшелігі туралы; - мектепалды ұйымының білім беру процесіндегі ерекшелігі туралы - тәрбиешілер жұмыстары туралы; - мектепалды балаларының дамуы мен білім алудағы олардың әрекеттерінің берер нәтижелері туралы.	Ата-аналармен жұмысты тәрбиелеу жүйесінде андрогогты-тең позицияда диалогты қатынас түрінде, жеке тәрбиеге сүйене және жекеше қажеттілікке, үлкен адамның шығармашылық даму ерекшелігін ояту негізінде құру.

2. Педагогикалық ұжымының жұмыс нәтижесінің экраны

2.1 Ата –аналардың қанағаттылығы

Бағыттары	Негізгі міндеттері	Түрлері
Ата-аналарды педагогикалық жұмыстармен таныстыру	Ата – аналардың педагогикалық сауаттылығын көтеру	Лекциялар, семинарлар, ашық ҰОҚ, конференциялар, педагогикалық кеңестер, ата-аналар жиналысы, кеңестер.
Б/Б жұмыстарына ата-аналарды тарту	Ата-аналардың балабақшаның жұмыстарын жоспарлауға бақылаулар мен іс-шаралар ұйымдастыру жұмыстарына қатысуға жағдай жасау, қатыстыру.	Жарыстар, байқаулар, викториналар, ата-аналамен бірлескен мәдени іс-шаралар, ертеңгіліктер және т.б.

2.2. Педагогтардың педагогикалық өсім көрсеткіші - курстар

Оқу жылы	Педагог саны	Мамандығы	Аты-жөні
2021-2022	2	тәрбиешілер	Кенжалы А., Мухамбетова А.
2022-2023	4	әдіскер, тәрбиешілер	Асауова Г., Бурибаева Г., Сабиева Ж., Наурызбаева Г.

Оқу жылы	Педагог саны	Жоғары категория	I санат	II санат	Педагог-модератор	Санаты жоқ
2021-2022	16	2-12,5 %	3-18,75%	1-6,25%		10-62,5%
2022-2023	8	0	0	0	1-12,5%	7-87,5%

ПЕДАГОГИКАЛЫҚ ҰЖЫМНЫҢ САПАЛЫ ҚҰРАМЫ

Барлық педагогтар	Білімі		Санаты				
	жоғары	Арнаулы орта	жоғары	I санат	II санат	Педагог-модератор	Санаты жоқ
8	3– 37,5%	5-62,5%	0	0		1-12,5%	7-87,5%

Оның ішінде:

Меңгеруші-1

Әдіскер – 1

Тәрбиешілер – 8

Педагог- психолог –1

Қазақ тілі мұғалімі – 0

Музыка жетекшісі –0

Дене шынықтыру бойынша нұсқаушы – 0

Аурушандық пен қатысымды талдауы

Көрсеткіштер	2021-2022
Негізгі балалардың тізімдік құрамы	51
Балалардың ауруына байланысты жіберген күні	
Қатысқаны	%
Денсаулық индексі	4,7

Балалармен барлық бағыттар бойынша жүргізілген жұмыстың нәтижелік экраны

№	Білім беру саласы	Кіші сала	2021-2022 оқу жылы
1	Денсаулық	Дене шынықтыру	2,4
		Қауіпсіз мінез-құлық ережелері	
2	Қатынас	Сөйлеуді дамыту	2,3
		Қазақ тілі	
		Көркем әдебиет	
		Орыс тілі	
		Сауат ашунегіздері	
3	Таным	Математика негіздері	2,3
		Құрастыру (кол еңбек)	
		Жарытылыстану	
4	Шығармашылық	Музыка	2,5
		Сурет	
		Мүсіндеу	
		Жапсыру	
5	Әлеумет	Қоршаған ортамен таныстыру	2,4
		Өзін -өзі тану	
	Қорытынды		2,4

Жоспарлау кезінде ескерілетін негізгі құжаттар

№	Құжаттың атауы	Негізгі құжаттан тарайтын сілтемелер
1	Қазақстан Республикасының «Білім туралы» заңы. 27.07.2007 ж. №319 –ІІІ ҚРЗ	Бұл заң ҚР-сы азаматтарының білім туралы конституциялық құқығымен қорғап, білім салалары бойынша қоғамдық қатынасын, мемлекеттік саяси мақсаттардың қамтамасыз етіп отыруға бағытталған.Оқу жоспары ҚР – ның «Білім туралы» заңына сай құрылған.
2	ҚР «Тіл туралы» Заңы	Бұл заң ҚР-сы тілдерінің заңды құқықтарын бекіте отырып, мемлекет тарапынан тілді дамытып,оқытуға жағдай жасауға, мемлекеттік тілді құрметтеуді заңдастырады.
3	ҚР «Бала құқықтары туралы» Заңы	Бұл Заңда ҚР Конституциясы кепілідік еткен бала құқығы мен қызығушылығы бұзылған жағдайда олардың қарым –қатынасы реттеледі.
4	ҚР «Неке және отбасы» Заңы 17.12.1998ж. № 321-1	Ата –аналарды педагогикалық сауаттандыру
5	Мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытуды дамытудың моделі. 2021 жылғы 15 наурыздағы №137 бұйрығы	Балаларды және мектепалды тобын сапалы оқу мен тәрбиемен толық қамту, оларды түрлі мектепке дейінгі тәбие мен оқыту және мектепалды дайындық бағдарламаларымен мектепке дайындауға толық қанды жағдай жасау.
6	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың ,бастауыш,негізгі орта,жалпы орта, техникалық және кәсіптік ,орта білімнен кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы» 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығы	Дамытушы орта-заттар мен ойыншықтарға еркін қолжетімділікті және немен айналысатынын өз бетінші таңдауын,күні бойы өз идеяларын іске асыру мүмкіндігін қамтамасыз ететін , балалардың бастамасын қолдау үшін жоспарланған әр түрлі матиалдары бар орта мен қамтамасыз ету, баланы толыққанды дамыту –қимыл белсенділігіне жағдай жасау;
7	"Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы «12» тамыз № 499 Бұйрығына өзгерістер енгізу туралы 2020жылғы 24 қыркүйектегі №412 бұйрығы	Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша : -физикалық дамыту; -коммуникативтік дағдыларды дамыту; -танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту; -шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту; -әлеуметтік –эмоционалды дағдыларды қалыпттастыру арқылы іске асырылады.
8	«Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарларын бекіту туралы» ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығына өзгерістер енгізу туралы , 2022 жыл 9 қыркүйектегі № 394 бұйрығы	Барлық топтардың жас ерекшеліктеріне сай ұйымдастырылған іс-әрекет осы үлгілік оқу жоспарына негізделе отырып құрылады.

9	Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдары мен мектепалды сыныптарында 2022-2023 оқу жылында тәрбиелеу –білім беру процесін ұйымдастыру туралы Әдістемелік нұсқау хат	Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мақсаты әр баланың қызығушылықтарын ,ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескере отырып, жалпы адами және ұлттық құндылықтар негізінде оларды толыққанды дамыту мен әлеуетін ашу
10	Закон РК в области ЧС. «Азаматтық қорғаныс», «Өрт қауіпсіздігі» ҚР ОЖ саласы бойынша Заңы	Балаларға ОЖ(ЧС) кезінде көмек көрсету ережелерінің сақталуы. Қызметкерлерді, ата –аналарды, балаларды өрт қауіпсіздігі ережелерімен ақпараттандыру.
11	Педагог қызметкерлерді аттестациядан өткізу ережесі № 83,27.01.2016 жыл.;Педагогтерге біліктілік санаттарын беру(растау) қағидаларын бекіту туралы ҚР білім және ғылым министрінің 11.05.2020ж.№192 бұйрығы	Педагог қызметкерлерді аттестациядан өткізу ережесін басшылыққа ала отырып педагогтарды дайындау ,ережелермен таныстыру, уақытыме тест тапсыруға жіберу ,материалдарын дайындауға басшылық жасау
12	«Балалар мен жасөспірімдерді тәрбиелеу мен білім беру объектілеріне қойылатын санитариялық- эпидемиологиялық талаптар» туралы қаулы № 217, 17.03.2015ж	Мектепке дейінгі балаларды оқыту–тәрбиелеу жұмысына қойылатын санитариялық-эпидемиологиялық талаптарды нақты орындау үшін, барлық педагогтарды уақытылы таныстыру.
13	ЖШС «Дидар-Нұр» балабақшасы Жарғысы,* ЖШС «Дидар-Нұр» даму бағдарламасы.*	Балабақшада сапалы білім алуға қол жеткізетін білім беру ортасын құру.

4. Ағымдағы жылдың міндеттері:

№	Міндет түрлері	Күтілетін нәтиже
1	Бала тілін дамыту ,сөздік қорларын молайту, сөздерді толық қанды айта білу мақсатында «ертегі терапия» әдісін күнделікті іс-әрекет барысында қолдану.	Ерте жастан балалардың сөйлеуі мен тілін дамытуда , қиялы мен шығармашылық қабілетін қалыптастыруда «ертегі терапиясын» жүйелі түрде қолдана білу, тәрбиешінің ізденімпаздығын арттырады.
2	«Рухани жаңғыру » бағдарламасы негізінде балалардың бойында адамгершілік –мейірімділік дағдыларын ерте жастан қалыптастыру үшін, шағын-тәжірибелік орталық жұмысын жүйелі пайдалану.	Мектеп жасына дейінгі балаларды патриоттық тұрғыдағы тәрбиемен қамтамасыз ету мақсатында педагогтардың кәсіби біліктілігін көтеру, шағын-тәжірибелік орталық жұмысын жандандыру.
3	Балалардың танымдық қабілеттерін жан-жақты дамыту барысында СТО технологияларын тиімді пайдалану.	Ерте жастан танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту барысында іс-әрекеттер мен ойын кезінде СТО технологияларын күнделікті қолдануға жағдай жасау.

II бөлім. Кәсіби іскерлік,теориялық және әдістемелік біліктілік деңгейін көтеру

Мақсаты:


1. Педагогикалық процесті ұйымдастыруда ғылыми байланысты қамтамасыз ету.
2. Педагогикалық ұжымның кәсіби сауаттылық деңгейін шыңдау.
3. Педагогикалық процесінің нәтижесін талдау.

Жұмыс циклограммасы

Айлар	Әдістемелік кабинет жұмысы мазмұнын ұйымдастыру			Кадрлармен жұмыс								Ата-аналармен жұмыс					Мектептермен байланыс					Әкімшілік-шаруашылық жұмыстары				
	Пед. жүйені жабдықтау	Көрме ұйымдастыру	Өз іс-тәжірбесімен бөлісу (әдістемелік, кітаптар әдістемелік орта т.б.)	Педагогикалық кеңестер	Семинарлар	Кеңестер	Өндірістік кеңестер	Медициналық педагогикалық	нұсқаулар	байқаулар	Диагностика	Ашық көрсетілім	Жалпы ата-аналар жиналысы	Газеттер шығару	Спорттық жарыстар	Ашық есік күндері	Семианр-практикум	Кеңестер	Даму деңгейі көрсеткіштері	Бақылау сабақтары	Бір-біріне қатысу	Біріктірілген көрмелер	Ойын-сауықтар	Материалдық базаны нығайту	Жөндеу жұмыстары, көріктендіру	Есеп дайындау
Қыркүйек	+			+			+	+	+		+		+					+						+	+	+
Қазан		+				+	+			+					+			+			+					
Қараша			+	+	+	+				+		+		+	+		+	+	+							
Желтоқсан		+	+			+			+			+	+	+				+								
Қаңтар	+		+	+		+	+								+			+				+	+	+		
Ақпан			+		+	+		+			+	+			+		+	+								
Наурыз		+	+	+		+			+	+			+	+				+								
Сәуір			+			+								+	+	+	+	+		+	+	+			+	
Мамыр		+	+	+		+	+				+	+			+	+		+	+	+	+		+	+	+	+
Маусым						+		+	+					+	+			+								+
Шілде															+			+							+	
Тамыз			+												+			+								

ҚАЛАНЫҢ ҚОҒАМДЫҚ ҰЙЫМДАРЫМЕН ЖҰМЫСЫ
2022-2023 ОҚУ ЖЫЛЫ

Мақсаты: Білім және мәдениет ұйымдарымен бірлескен жұмыстары арқылы балабақша педагогтарының ақпараттық кеңістігін кеңейту.



Құқықтық сауаттылығын көтеру

№	Мазмұны	Уақыты	Жауаптылар
1	Ұжым бойынша жалпы жиналыс «Мектепке дейінгі ұйымда балалардың құқығын қорғау»	Қыркүйек	меңгеруші
2	Жұмыс барысы бойынша қажетті нормативтік – құқықтық құжаттарды дайындау.	Қазан	әдіскер
3	Барлық жас ерекшелік топтарында балалардың денсаулығын сақтау және шынықтыру барысында санитарлық-гигиеналық жағдайлардың сақталуын қамтамасыз ету.	Қазан	Меңгеруші, медбике
4	«Бала тәрбиесі –отбасынан басталады» тақырыбы бойынша жалпы ата –аналар жиналысын өткізу	Қараша	Топ тәрбиешілері
5	«Как помочь ребенку утвердить свое «Я»- ата -аналарға арналған кеңес	Қараша	психолог
6	Мектепке дейінгі ұйымда балаларды физикалық дамыту барысында қолданылған іс –әрекет түрлері	Желтоқсан қаңтар	тәрбиешілер
7	Еңбек кодексіндегі және кейбір заңнамалардағы өзгерістермен ұжымды таныстыру.	Ақпан	Меңгеруші
8	Балалардың шығармашылық қабілеттігін дамыту жолдары	ақпан	Тәрбиешілер
9	«Балабақшадағы мерекелерді ұйымдастырудың ерекшеліктері және бала өміріндегі алатын орны»	Сәуір	Тәрбиешілер
10	«Балаңыз мектепке баруға дайын ба?» сауалнама	Мамыр	Психолог,әдіскер

Педагог кадрлармен жүргізілетін жұмыс түрлері

Мақсаты: Қызметтерінің негізгі факторы ретінде - балабақша педагогтарының кәсібилігін арттыру. Бір бағытта ойлайтын шығармашылық ұжым қалыптастыру.

№ п/п	Негізгі қызметтің мазмұны	Жауаптылар	Мерзімі	Нәтижесі
1.1.	Ұжымда қолайлы психологиялық жағдай жасау			
	- педагогтар арасында сауалнама жүргізу	психолог	Қараша, қаңтар, мамыр	сауалнама
	- тақырыптар б/ша тренинг	психолог	қыркүйек, желтоқсан, сәуір	тренингтер
	- еңбекті ынталандыру	меңгеруші, есепші	Жыл бойы	
	- психолого-педагогикалық қолдау	психолог	Жыл бойы	Әңгіме, тренингтер
	- корпоративті іс шаралар	тәрбиешілер	Жыл бойы	қатысу
	- педагогтар арасында сайыстар	Меңгеруші, әдіскер	Жыл бойы	сайыстар
1.2.	Педагогтардың кәсіби біліктілігін арттыру			
	- кадрлерді қайта даярлау және біліктілігін арттыру курстары	Меңгеруші, әдіскер	Астана қ-сы ҚРПЖ ҰБАО «Өрлеу» жоспары б/ша, әр түрлі семинарлар	сертификат
	- педагогтардың өздігінен білімдерін арттыру бойынша тақырыптары, жұмыс бағыттары, педагогтардың портфолиосын дайындауға көмек беру.	Әдіскер,	Жыл бойы жоспар бойынша	Шығармашылық есеп портфолио
	«Сүйікті ата -аналар клубы» жұмысына қатысу	Психолог, тәрбиешілер	Жыл бойы жоспар бойынша	Сценарий т.б.
	- жас мамандармен жұмыс (Тәлімгерлер кеңесі)	Әдіскер, тәлімгерлер	Жыл бойы	Кеңес, Шығармашылық есеп
	- халықаралық, республикалық, облыстық, қалалық, балабақша ішілік сайыстар, жарыстарға қатысу	Әдіскер, барлық педагогтар	Жоспар бойынша	диплом, мақтау қағазы, алғыс хаттар, сертификат
	«Педагогтар шеберлігі апталығы» қатысу	Әдіскер, психолог,	Жыл бойы жоспар бойынша	қатысу
	- қалалық әдістемелік бірлестіктерге, семинарларға, педагогикалық оқуларға, ғылыми-тәжірибелік конференцияларға қатысу.	тәрбиешілер, педагог-мамандар	Жыл бойы	диплом, мақтау қағазы, алғыс хат, сертификат
	- шығармашылық топ жұмысы	әдіскер	Жыл бойы	мәліметтер
1.3.	Педагогикалық кадрлар аттестациясы			
	- аттестаттау кестесін дайындау, аттестациялық комиссия құру.	Меңгеруші, әдіскер	қыркүйек	жоспар
	- педагогтарды тестілеуге дайындау	әдіскер	ББ жоспары бойынша	Тест қорытындысы
	- педагогикалық шеберлік көрінісі, әдістемелік күн.	Әдіскер, тәрбиешілер	ББ жоспары б/ша	хаттама
	- аттестациялық құжаттарды сарапаттауға	Әдіскер	ББ жоспары б/ша	Аттестаттау құжаттары, әл

Кеңестер

№	Тақырыбы	Категория	Уақыты	Жауаптылар
1	«Жас ерекшеліктеріне сай балалардың балабақшаға бейімделеу жолдары»	Педагогтар	Қыркүйек	Медбике , психолог
2	Мектепке дейінгі ұйымдарда ұйымдастырылған іс-әрекет барысында,циклограмманы толтыру жолдары,перспективалық жоспар құру	Педагогтар	Қазан	әдіскер Асауова Г.Қ.
3	«Жарақаттанудың алдын алу жолдары. Тұрмыстық жарақаттанудан балаларды қорғаймыз»	Педагогтар	Қараша	Медбике Оразова К..
6	«Балабақша мен ата –ана арасындағы сыйластықты қалыптастыру жолдары»	Педагогтар	Желтоқсан	Наурызбаева Г.Д.
7	Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамытуға танымдық-дамытушылық ойындардың тигізетін әсері.	Педагогтар	Қаңтар	Бурибаева Г.Қ.
9	Серуен кезіндегі балалардың қимыл-белсенділігін дамыту жолдары	Педагогтар	Ақпан	Сабиева Г.К.
12	<i>Шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту</i> <i>«Балалардың бейнелеу өнеріне деген қызығушылықтары »</i>	тәрбиешілер	сәуір	тәрбиешілер
14	<i>Денсаулық сақтау бағыты</i> Ұйымдастырылған іс –әрекетті өткізу үшін жалпы талаптар.	Менгеруші, әдіскер	мамыр	материалдар кеңестер
2.5	Әдістемелік кеңестер (қосымша білім беру педагогтардың біліктілігін арттыру бойынша сұрақтарын енгізу)			
2.5 .1	№1 Әдістемелік кеңес***** - қыркүйек-қараша айларына жұмыс жоспары; - Қазақстан халқының тілдер айлығын өткізу; - бағыттар бойынша шығармашылық топтардың жоспарын әзірлеу, бекіту; -күз, қыс мезгілінде өткізілетін мерекелік ертеңгіліктердің сценариін дайындау, тақырыптық ұйымдастырылған іс әрекетін қарау, денсаулық күндерін өткізу.	Әдіскер	қыркүйек	хаттама
2.5 .2.	№2 Әдістемелік кеңес - желтоқсан-ақпан жұмыс жоспары; - біліктілікті арттыру және қызметкерлердің курстық дайындығын өту бойынша жұмысының жағдайы; - Ашық есік күндеріне дайындалу, өткізу; - тәлімгерлер мен жас мамандар есебі.	әдіскер	желтоқсан	хаттама
2.5 .3.	№ 3 Әдістемелік кеңес - наурыз-мамыр айына жұмыс жоспары; - №2 педкеңес шешімін орындау; - коммуникативті құзырлығын дамыту бойынша жаппай бақылау нәтижесі туралы; - б/б сауықтыру жұмыстары жоспарының орындалуы;	әдіскер	наурыз	хаттама, материалдар

	- даярлық топтарының мектепке дайындығы бойынша диагностика анықтамасы.			
2.6	Аттестация комиссиясының жұмысы			
2.6 .1	<i>№1 аттестация комиссиясының шешімі</i> - Пед.қызметкерлерінің аттестаттау Ережесімен танысу (27.01.2016ж.№ 83); - біліктілік тестілеуді ұйымдастыру және өткізу нұсқаулығымен танысу;	әдіскер	қазан	хаттама
2.6 .2	<i>№2 аттестация комиссиясының шешімі</i> - шығармашылық жұмысты орындау бойынша аттестациядан өтетін педагогтардың есебі – анықтама; - Шалқар қаласы Білім бөлімімен бекітілген кестеге сәйкес аттестаттаудан өтетін педагогтардың қорытындысы.	әдіскер	желтоқсан	хаттама
2.6 .3	<i>№3 аттестация комиссиясының шешімі</i> - 2022-2023 оқу жылында аттестациядан өтетін үміткерлерді талқылау; - аттестациядан өтетін педагогтардың құжаттарын дайындау.	әдіскер	сәуір	хаттама

Оқыту іс-тәжірибе алмасу

№	Педагогтың аты-жөні	Оқыту іс-тәжірибе алмасу түрі	мерзімі	Жауаптылар
1	Мектепке дейінгі балалардың танымдық-зияткерлік дағдыларының белсенділігі мен қызығушылығын арттыру мақсатында шағын-тәжірибелік іс-әрекеттің маңызы өте зор.(ересек, мектепке даярлық топтары)	Әдіскер, педагогтар	Қазан, ақпан	конспектілер
2	Мектепке дейінгі балалардың коммуникативтік дағдыларын яғни, сөздік қорларын, грамматикалық сөз саптауларын, ана тілінде анық сөйлей білуін және бала тілін толық қанды дамытуда күнделікті іс-әрекет барысында «ертегі терапиясын» қолдану жолдары.		Ақпан сәуір	конспектілер
3	Ерте жастан балалардың шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамытуда күнделікті іс-әрекет барысында дәстүрден тыс әдіс-тәсілдерді (әдеби- эстетикалық бағытта) қолдана білу жолдарын дамыта отырып жүйелі жолға қою жұмыстары.		Желтоқсан, мамыр	конспектілер
4	<i>№4 Әдістемелік кеңес</i> Балаларды ерте жастан физикалық дамыту барысында сауықтыру – шынықтыру, қимыл белсенділігі, әртүрлі қимылды ойындар, іс- әрекет кезінде дәстүрден тыс әдіс –тәсілдерді жас ерекшеліктеріне сай қолдану жолдары (ойындық стрейтчинг)	Әдіскер	Қараша, қаңтар	конспектілер

Әдістемелік бөлме жұмысының мазмұны және ұйымдастыру

№	Жұмыс бағыттары	Уақыты	Жауаптылар
1	Әдіскер кабинетін әдістемелік құралдармен, көрнекіліктермен ,ойындар жинағымен, әдебиеттермен толықтыру	Жыл бойы	Әдіскер
2	Балабақша жұмысының, ҰІӨ - нің, күн тәртібінің кестесін құру	Тамыз	Менгеруші,Әдіскер Медбике
3	Қалалық,облыстық ,республикалық әдіскерлер бірлестігіне қатысу	Жыл бойы	Әдіскер
4	Қалалық,облыстық ,республикалық тамыз конференциясына қатысу	тамыз	Әдіскер,педагогтар
5	Қазақстан Республикасы күні мерекесіне арналған тақырыптық іс-әрекеттер	қазан	Барлық педагогтар
6	Оперативті бақылау	Жыл бойы	Шығармашылық топ
7	« Іс-әрекет барысында ойын түрлерін жүйелі пайдалана білудегі ,тәрбиешінің шығарамшылығы» - тақырыптық бақылау	Желтоқсан	Әдіскер
8	Ұжымдағы қолайлы психологиялық микроклиматты сақтау	Жыл бойы	Психолог Әдіскер
9	ҚР Тәуелсіздігі күніне арналған іс -шаралар	желтоқсан	Барлық педагогтар
10	Пед. кеңеске дайындық. Пед. кеңес.	Жыл бойы	әдіскер
11	«І жарты жылдық бойынша балалардың даму деңгейі» - тақырыптық бақылау	қаңтар	Шығармашылық топ,әдіскер
	Педагогтарға әдістемелік көмек көрсету	Жыл бойы	Әдіскер
	Кеңес, әңгімелесу, тренингтер ұйымдастыру және өткізу	Жыл бойы	Әдіскер Педагогтар

III бөлім. Педагогикалық кеңестер.

Мақсаты: Педагогтардың педагогикалық деңгейінің шындалуы және алға қойылған жылдық тапсырмаларды шешу. Оқыту-тәрбиелеу процесін жақсарту және бағдарламаның тапсырмаларын меңгерту

№	Педагогикалық кеңес тақырыбы және бағдарламалары	Өткізілу түрлері	Мерзімі	Жауаптылар
1	№ 1. Педкеңес. Тақырыбы: «Жазғы демалыс сауықтыру кезіндегі балабақша жұмысының талдауы. 2022-2023 оқу жылдарына жұмыс жоспарын бекіту». Түрі: Белгілі Педкеңеске іс шаралар: 1. 2022-2023 жылғы оқу жылының жылдық жоспарын талдау, бекіту. 2. Педагогикалық қызметкерлердің тамыз конференциясының нәтижелерін талдау. әдіскер 3. Топтың жабдықталуы, жаңа оқу жылының дайындығы.	Әдіскер	тамыз	хаттама, ұсыныстар
2	№2. Педкеңес Тақырыбы: «Балалардың зертеу іс –әрекетін дамыту жолындағы шағын –тәжірибелік орталық жұмысының нәтижелері» Педкеңеске іс шаралар: 1. Меңгерушінің кіріспе сөзі: 2. «Мектеп жасына дейінгі балалардың шығармашылық ойлауын дамыту үшін ТРИЗ технологиясын пайдалану жолдары». (Сабиева Ж.К.) 2. «Балалардың зертеу іс –әрекетін дамыту жолындағы шағын –тәжірибелік орталық жұмысының нәтижелері» тақырыптық тексеру қортындысы 3. Педкеңестің шешімі, оны талқылау, толықтыру, бекіту.	Әдіскер, тәрбиешілер	қараша	хаттама, нұсқаулықтар

3	№3. Педкеңес Дәстүрлі «Дөңгелек үстел» Тақырыбы: «Ерте жастан балалардың бойында рухани- адамгершілік қабілеттерін қалыптастыру жолындағы қоршаған ортаның әсері» Педкеңеске іс шаралар: Педкеңес тақырыбы бойынша меңгерушінің бастапқы сөзі 1.Тақырыптық бақылау қорытындысы « I жарты жылдық бойынша балалардың білім деңгейі» 2. «Балалардың қимыл-қозғалыс белсенділігін дамыту қоршаған ортаның маңызды құрамдас бөлігі» (Кенжалы А.С.) 3.Сыр сандық викториналық сұрақтар « Халық ауыз әдебиетін білесіз бе?» (әдіскер) 4.« Кітап біздің досымыз»— топтардағы кітап бұрышы көрмесі және тізімі; (барлық топтар) 5.Пед.кеңестің шешімі, оны талқылау, толықтыру, бекіту.	Әдіскер, тәрбиешілер, психолог	қаңтар	Хаттама, нұсқаулықтар
4	№ 4 .Педкеңес Тақырыбы:«Балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларын дамыту барысында жүргізілетін іс-әрекет түрлері». Педкеңеске іс шаралар 1. «Балалардың танымдық және зияткерлік дағдыларының даму деңгейі» тақырыптық бақылау қорытындысы (комиссия) 2.Балалардың денсаулық көрсеткішінің талдауы, физикалық ,қимыл –қозғалыс деңгейінің дамуы және мәдени –гигиеналық машықтарының қалыптасу деңгейі (медбике) 3.Психологиялық тренинг (жауапты : психолог 4.Педкеңестің шешімі, оны талқылау, толықтыру, бекіту.	Әдіскер, психолог, барлық педагогтар.	наурыз	хаттама, нұсқаулықтар
5	№ 5. Педкеңес. Тақырыбы:« 2022-2023 оқу жылдарына жүргізілген жұмыс жоспарын қортындылау». Түрі: Белгілі Педкеңеске арналған іс шаралар: 1. Жыл бойғы жүргізілген жұмысы туралы есеп беру. 2. Балалармен жүргізілген шынықтыру - сауықтыру жұмыстарының қорытындысы, балалар қатысымы. (жауап. медбике) 3. Топ тәрбиешілерінің және барлық мамандардың жыл бойғы жұмысының қорытынды есебі. 4.Жазғы сауықтыру –шынықтыру жұмысының жоспарын ,ҰІӨ-і кестесін, күн тәртібін талдау, бекіту. 5. Марапаттау сәті. 6.Педкеңестің шешімі, оны талқылау, толықтыру, бекіту.	Әдіскер, психолог, барлық педагогтар.	мамыр	Хаттама, нұсқаулықтар, есептері

Өндірістік кеңес

№	Тақырыптары	Өткізілу түрлері	Уақыты	Жауаптылар
1	1.Балабақшаның жаңа оқу жылына әзірлігі.(талдау, жөндеу, материалды – техникалық базасы) 2. Жазғы сауықтыру шараларының орындалуы жағдайын талдау.	Талдау	Қыркүйек	Меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі Әдіскер
2	Нұсқау: - Балалардың денсаулығы мен өмірін сақтау; - Қызметтік міндеттері; - Техникалық қауіпсіздік және өрт қауіпсіздігіне қарсы қорғаныс	Нұсқаулық	Қыркүйек-қазан - қараша	Меңгеруші, Медбике, шаруашылық меңгерушісі
3	1. Өрт қауіпсіздігінен сақтану ережелерінің сақталуы бойынша рейд жүргізу. 2. Жаңа жылдық ертеңгіліктерге дайындық және өткізу. 3.Бөлменің санитарлық жағдайы мен мүліктерінің сақталуын тексеру.	Рейд	Желтоқсан	Меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі медбике
4	1. Педагог мамандарды аттестациялау туралы 2. Қатысым мен аурушандылық 3. Топтың санитарлық жағдайы мен тамақтануы бойынша талдау 4.Көктемгі мерекелерге дайындық	Талдау нұсқаулықпен қайта таныстыру	Ақпан	Меңгеруші, Медбике Әдіскер
5	1. Жалпы ұжымдық жиналыс. 2. 2022-2023оқу жылы бойынша ұйымдастырылған іс-әрекеттің нәтижелігі. 3. Балабақшаның жазғы сауықтыру шараларына дайындығы туралы Нұсқаулықтар: - Жазғы сауықтыру-шынықтыру кезеңінің жұмыстарын ұйымдастыру.	Жиналыс	Мамыр	Меңгеруші, шаруашылық меңгерушісі, медбике

IV бөлім. Балалардың өмірін қорғау және денсаулығын сақтау жұмыс жоспары

№	Өткізілетін шаралар	Уақыты	Топтар	Жауаптылар
1	«Балабақшада балалардың өмірін сақтау, денсаулығын нығайтуда» ҚР-ның денсаулық министрлігі бекіткен санитарлық- гигиеналық талаптарды қатаң сақтау. Балалардың денсаулығы туралы толық мағлұмат алу, балалардың өмірін қорғау және денсаулығын сақтау жұмыс жоспарының» орындалуы	Қыркүйек	Барлық топтар	Меңгеруші Майтанова И.Қ.
2	«Жаңа ортаға, топқа баланың бейімделуі, жеке бас гигиенасы» ата – аналарға кеңес	Қыркүйек	Барлық топтарда	Медбике Оразова К.
3	«Техникалық қауіпсіздікті сақтау және өрт қауіпсіздігіне қарсы» - нұсқаулықтармен қайта таныстыру	Қазан	Барлық топтар	Меңгеруші Майтанова И.Қ.
4	«Шынықсаң шымыр боласың!»- спорттық ойын- сауық	Қараша	Ересек тобы	Топ тәрбиешілері
5	«Дені саудың - жаны сау!»- спорттық мереке	Қараша	Ортаңғы топ	Топ тәрбиешілері
6	«Қыс қызығы, көп екен»	Қаңтар	Ересек тобы	Топ тәрбиешілері
8	«Біз кішкентай спортшылар»	Ақпан	Кіші топ	Топ тәрбиешілері
9	« Бала жарақаттарының алдын –алу шараларын болдырмау» - нұсқаулықпен таныстыру	Наурыз	Барлық топтар	Меңгеруші, медбике
10	Балалардың физикалық дамуы бойынша дене шынықтыру ҰІӨ-і, өткізілетін мерекелер мен денсаулық күні шаралары барысында қауіпсіздік шараларын сақтау	Әр тоқсан	Барлық топтар	Барлық педагогтар
11	Тұмаудың алдын –алу жолдары	Сәуір	Барлық топтарда	Медбике
12	«Жазғы ойын алаңдарында сауықтыру-шынықтыру шараларының түрлерін және қимыл-қозғалыс ойындарын ұйымдастыру жолдары» кеңес	Мамыр	Барлық топтарда	Әдіскер.

Сауықтыру – шынықтыру шараларының жоспар –кестесі

Жыл мезгілдері	Айлар	Ортаңғы және ересек топтары	мектепалды топтары
Жыл бойы	Жыл бойы	Шынығу шаралары: таңғы жаттығулар мен серуендеу, спорттық ойын-сауық түрлері	Шынығу шаралары: таңғы жаттығулар мен серуендеу спорттық ойын-сауық
Жыл бойы	Жыл бойы	Витаминология, ароматерапия, фитотерапия, тұзды шахта, массажды жолақшалар	Витаминология, ароматерапия, фитотерапия, тұзды шахта, скандинавиялық жүріс
Жыл бойы	Жыл бойы	Топтардың санитарлық жағдайын бақылау	Топтардың санитарлық жағдайын бақылау
Жыл бойы	Жыл бойы	Майтабан және ауруының алдын алу мақсатына байланысты емдік-массаждық шаралар	Майтабан ауруының алдын алу мақсатына байланысты емдік шаралар
Тоқсан сайын	Қыркүйек Қаңтар Мамыр	«Біз өсеміз» тоқсандық антропометрия	«Біз өсеміз» тоқсандық антропометрия
Күз-қыс мезгілінде	Қыркүйек-ақпан	Тұмау және басқада ауруларына қарсы алдын- алу шаралары	Тұмау ауруларына қарсы алдын алу шаралары
Жыл бойы	Жыл бойы	СанПИН ережесіне сай санитарлық гигиеналық күн тәртібін құру	СанПИН ережесіне сай санитарлық гигиеналық күн тәртібін құру
Жыл бойы	Жыл бойы	Денсаулық бұрышындағы және ата –аналарға арналған материалдарды жаңартып, толықтыру	Денсаулық бұрышындағы, жылжымалы папкадағы материалдары жаңарту.
Күз	Тамыз Қыркүйек	Күн тәртібінде сауықтыру – шынықтыру шараларын жоспарлы түрде жүргізу туралы әңгімелесу.	Күн тәртібінде сауықтыру шараларын жоспарлап өткізу туралы әңгімелесу.
	Қыркүйек	« шынықсаң шымыр боласың » топ аралық спорттық шара	«Денсаулықты шыңдаймыз, ата-ананы тыңдаймыз!» музыкалық- спорттық шара
	Қазан	«Достым, бірге ойнайық!» - спорттық ойын -сауық	«Достым, бірге ойнайық!» - спорттық ойын- сауық
Қыс	Желтоқсан	«Тәуелсіздік ел тірегі!» ұлттық ойындар эстафеталық жарыс	«Тәуелсіздік ұлдары!» ұлттық ойындар эстафеталық жарыс
	Қаңтар	«Алақай, қыс келді!» -денсаулық апталығы	СӨС бойынша спорттық ойын-сауық- «Жарайсыңдар, жайсаңдар!»
Көктем	Наурыз -сәуір	«Спортты біз сүйеміз, үлкен болып өсеміз!» - спорттық мереке	«Спортты біз сүйеміз, үлкен болып өсеміз!»Спорттық сайыс
	Сәуір	«Көңілді старт» -бүлдіршіндер оқиғасы	«Ойындар жәрмеңкесі»- қазақтың ұлттық қимылдық ойындары
	Мамыр	«Жайдары жаз келді!» - қимылдық ойын-сауық	«Нептун күні» - еркін спорттық мереке.
Жаз	Мамыр - маусым	« Күн шуағы!» -денсаулық күні	« Күн шуағы!» -денсаулық күні

Жол –көлік жарақатынан сақтандыру

№	Жұмыс түрі	Мазмұны	Уақыты	Жауаптылар
1	Әңгімелесу	Балалардың жол жүру ережелері туралы білімдерін қалыптастыру	Жыл бойы	Барлық топ тәрбиешілері
2	Топтарда «Жолда жүру ережелері» туралы бұрышты жабдықтау	Жолда жүру тәртібіне үйрету мақсатында дамыту ортасын жасау	Жыл бойы	Әдіскер, барлық топ тәрбиешілері
3	Кеңестер (Ата-аналар жиналысында)	Балалардың қауіпсіздігі үшін ата-аналардың көшеде және жолда жүру ережелерін білуге кеңес берумен қамтамасыз ету	Жыл бойы	Барлық топ тәрбиешілері
4	Дәріс, әңгімелесу «Балалар жарақаттануының алдын-алу шаралары» «Барлық ереже талаптарды сақтайық!»	Балалардың денсаулығын сақтау және нығайту жолдарын нығайту	Наурыз	Медбике
5	ЖЖЕ бойынша ересек тобында ашық ҮІӨ--терін өткізу	Тәжірибе алмасу, педагогтардың құзыреттілігін жетілдіру	Сәуір	Ересек тобының тәрбиешілері
6	«Балаларды көшеде өзін-өзі ұстау мәдениетіне үйретудің әдістері мен түрлері» семинар-практикум	Педагогтардың білімін көтеру, тәжірибе алмасу	Сәуір	Тәрбиешілер

Төтенше жағдайлар бойынша шаралар өткізу.

№	Жұмыс түрлері	Мазмұны	Уақыты	Жауаптылар
1	Нұсқау беру	Техникалық қауіпсіздігі жөнінде	Әр тоқсанда І рет	Шаруашылық меңгерушісі
2	Сабақ өткізу, таныстыру	Жеке құрамға азаматтық қорғаныс сабақтарын өткізу	Жыл бойы	Меңгеруші
3	Қалалық төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлері, ата-аналар, балалардың қатысуымен семинар-практикум	«Отпен ойнау қауіпті!»	Қазан-қараша	Тәрбиешілер:
4	Психолог кеңесі	«Террорлық қауіп және одан сақтану әдістері»	Қаңтар	психолог
5	Сабақ өткізу, таныстыру	ТЖ жою мен алдын алу әрекетінің жоспары	Жарты жылда І рет	Тәрбиешілер:
6	Қалалық төтенше жағдайлар департаменті қызметкерлерімен Төтенше жағдай кезіндегі эвакуация	Төтенше жағдай кезіндегі эвакуация	Сәуір	Меңгеруші . Әдіскер, шаруашылық меңгерушісі, тәрбиешілер
7	Кеңес	«Жаз мезгілінде балалардың қауіпсіздігін қатаң сақтау туралы»	Мамыр	Медбике

V бөлім. Оқыту –тәрбиелеу жұмысына бақылау мен басшылық

Мақсаты : Оқу –тәрбиелеу жүйесін жетілдіру

Уақыты	Бақылау Мазмұны	Бақылау мақсаты	Бақылау түрі	Бақылайды	Қорытынды қашан және кім тексереді
Тамыз	Топтардың дайындығы	Топтардың дайындық деңгейін анықтау	Жедел бақылау	әкімшілік	Пед. сағатта
Қыркүйек	Жаңа оқу жылына дайындық. Топ құжаттарының дайындығы	Топтардың және кабинеттердің жаңа оқу жылына дайындығы Құжаттардың дайындығы	Жедел бақылау	Шығармашылық топ	Пед. кеңес
Қыркүйек Желтоқсан наурыз	Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау	Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауға жағдай жасау	Салыстырмалы	Меңгеруші	Пед. сағатта
	Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғау	Балалардың денсаулығы мен өмірін қорғауға жағдай жасау	Жедел	Меңгеруші	Пед. сағатта
	Педагогтардың құзыреттілігі	Балалардың жас ерекшеліктеріне байланысты серуеннің ұйымдастырылуы	Жедел	Әдіскер	Пед. сағатта
қаңтар		1 Жылдық міндеттің орындалуы	Тақырыптық	Әдіскер	Пед. кеңес
Ай сайын	Қатысым, аурушандық және бала күндерінің орындалуы	Қатысым, аурушандық және бала күндерінің орындалуы	Фронталды	Меңгеруші	Педагогикалық жиналыс
Қазан Қараша Желтоқсан Қаңтар	Педагогтардың құзыреттілігі	Сауықтыру-шынықтыру шараларының орындалуы	Жедел	Әдіскер	Пед. сағатта
		Күн тәртібінің орындалуы және мәдени –гигиенелік дағдылары толық қанды қалыптастыру.	Салыстырмалы	Әдіскер	Пед. сағатта
		Таңертеңгі жаттығудың орындалуы, уақыты, тиімділігі	Жедел	Әдіскер	Пед. сағатта
		Бейнелі –рөлдік ойын іс-әрекетіне басшылық жасау	Салыстырмалы	Әдіскер	Пед. сағатта
Наурыз	«Балалардың сөйлеуін және тілін дамыту барысында «ертегі терапия» әдісін ҰІӨ-і барысында қолдану жолдары»	II жылдық міндеттің орындалуы Заттық- дамытушылық ортаны ұйымдастыру.	Тақырыптық	Әдіскер	Пед. кеңес
Сәуір	Педагогтардың өз білімін жетілдіруі	Әр түрлі ақпарат құралдарын пайдалану	Жедел	Әдіскер	Пед. жиналыс

VI бөлім. Қоғам және ата-ана тәрбиесі

Мақсаты: ата-аналардың педагогикалық мәдениетін көтеру, педагогикалық ұжым алдындағы тапсырмаларды бірлесіп шешуге үйрету.

Мерзімі	Тақырыптары	Мазмұны	Жауаптылағ
Қыркүйек	Ата – аналар бұрышы: Күн тәртібі, ұйымдастырылған оқу қызметі «Балаңыз балабақшада»-барлық топтарда ата-аналар жиналысын (онлайн немесе офлайн түрінде) өткізу.	Ата-аналарға арналған үгіт-насихат көрнекіліктерін дайындау. Жеке кеңестер	Әдіскер, барлық топ тәрбиешілері
Қазан	«Күз кереметтері!» «Бірге оқып, үйренейік!»	Ата-аналарымен бірігіп жасалған «Күзгі сый» көрмесі. Жалпы ата – аналар жиналысы: «Жаңа оқу жылында балалармен жүргізілетін оқу – тәрбие жұмыстарының негізгі бағыттары»	Меңгеруші Музыка жетекшілері
Қараша	Вирустық инфекциялардың алдын-алу шаралары- Ата-аналарға арналған кеңес.	«Денсаулық бұрышы»: Ескертулер мен әдебиеттер көрмесі	Медбике
Қараша	Патриоттық акт негізінде оқу-тәрбие жұмысын ұйымдастыру мақсатында «Рухани жаңғыру» бағдарламасы бойынша «Туған жердің тоғыз кереметі» ләпбук дайындау	Материалдар жинақтау	Барлық топ тәрбиешілері, ата-аналар
Желтоқсан	«Мақтанышым –Елбасым!» -Елбасы күніне арналған мерекелік шара (суреттер көрмесі). «Тәуелсіздік туы берік болсын!»-ҚР Тәуелсіздігіне -30жыл мерекелік іс-шаралар «Қош келдің Жаңа жыл!»	Ата-аналар мен балалардың біріге дайындаған тақырыптық суреттер байқауы. Ертеңгіліктер өткізу, слайдтар дайындау. Жаңа жылдық кеш дайындығын ата-аналармен бірге жүргізу	Барлық топ тәрбиешілері мен педагогтар.
Наурыз	«Армысың, Өз Наурыз!» Мерекелік ертеңгіліктер	Ұлттық киімдер дайындау барлық жас ерекшелік топтарында «Наурыз» мерекесін өткізу	Музыка жетекшілері, барлық топ тәрбиешілері
Сәуір	«Біз не үйрендік?» «Жасыл алаң» - экологиялық акция «Зеленый участок»	Ашық ҰОҚ-не ата-аналарды шақыру Ата аналармен бірлесіп аумақты көгалдандыру	Мектепалды даярлық топтары Шаруашылық меңгерушісі Ата -аналар
Мамыр	«Балаларымыз осы жылы қалай өсті, не үйренді?» Балалардың жазғы демалысын ұйымдастыру «Бір жасқа біз есейдік!» «Қош бол, балабақша!» «Балабақша қызметкерлерінің еңбегін қалай бағалайсыздар?»	Жалпы ата –аналардың қорытынды жиналысын өткізу. Топтарда ата-аналармен қорытынды жиналыс өткізу Мерекелік ертеңгілік Ата – аналарға арналған сауалнама	Меңгеруші, әдіскер, саз жетекшісі, хореография мұғалімі Тәрбиешілер Саз жетекшісі Психолог Ата - аналар

**Балалармен жалпы өткізілетін іс-шаралар жоспары
2022-2023 оқу жылы**

Іс-әрекет түрлері	Тақырыбы	Өткізілетін уақыты	Жауаптылар
Мерекелік ойын-сауық	«Білім күнімен!»	Қыркүйек	тәрбиешілер
Күзгі мереке	«Сиқырлы күз»	Қазан	Барлық топ тәрбиешілері
ҚР Тәуелсіздігіне байланысты тақырыптық ойын-сауық кеші, ертеңгіліктер	« ҚР Тәуелсіздігі күні»	Желтоқсан	Топ тәрбиешілері
Мерекелік ертеңгіліктер	«Жаңа жыл келеді!» «Жаңа жыл, жаңа жыр!»	Желтоқсан	Топ тәрбиешілері,
Қуыршақ театры	«Ертегілер елінде»	Қаңтар	Тәрбиешілер
Таза ауада өткізілетін қысқы ойын-сауық	«Қыс қызығы» «Көңілді аққала»	Ақпан	Топ тәрбиешілері
8-Наурыз аналар күніне арналған ертеңгіліктер	«Көктем аруы» «Ақ анашым-аппағым!»	Наурыз	топ тәрбиешілері
Ертеңгіліктер	«Наурыз-ұлыстың ұлы күні»	Наурыз	топ тәрбиешілері
Топ аралық спорттық сайыстар	«Спорт-біздің досымыз!»	Сәуір	Топ тәрбиешілері,
Балалар сурет көрмесі	«Ғажайып ғарыш әлемінде»	Сәуір	Топ тәрбиешілері, әдіскер
Ойын-сауық	«Халықтар достығы –бірлік күні!»	Мамыр	топ тәрбиешілері
Ойын-сауық	«Отан қорғаушылар күні!», «Жеңіс күні !»	Мамыр	топ тәрбиешілері

VII. «БОЛАШАҚҚА БАҒДАР: РУХАНИ ЖАҢҒЫРУ «Ұлы даланың жеті қыры»

Мақсаты: балалардың бойында туған жерге ,өз Отанына деген сүйіспеншілік ,патриоттық сезімдерін қалыптасытру, « Ұлы даланың жеті қырымен» жан –жақты таныстыру.

№	Бағдарлама	Базалық бағыты	Іс-шаралар	Мерзімі	Жауаптылар
1	«Тәрбие мен білім»	«Өлкетану»	«Рухани жаңғыру бағдарламасы аясында «Ұлы даланың жеті қыры» бөлімімен таныстыру,	қыркүйек - қазан	Әдіскер, психолог
			«тарих тереңіне үңілейік»- ұлттық мұражайға саяхат	жоспар бойынша	Әдіскер, тәрбиеші - педагогтар
1.1		«Туған жерім-тірегім!»	«Тілім менің болашағым, байлығым!» тақпақтар сайысы	қыркүйек	тәрбиешілер
			«Мемлекеттік нышандарды таныстыру, оқып үйрету,қастерлей білуге тәрбиелеу»	жыл бойы	Балабақша әкімшілігі
		«Жомарт жүрек!»	Әлеуметтік көмек көрсету жәрмеңкесі	жоспар бойынша	Балабақша әкімшілігі
		«Өнегелі құндылық тар»	«Білеміз ,оқимыз қолданамыз » эксперименттік-тәжірибелік іс-шаралар түрлері	жоспар бойынша	әдіскер, тәрбиешілер
2	СӨС-ын сақтаймыз.	«Бірлігіміз жарасқан!»	«Денсаулығы-баланың, қуанышы-ананың» спортық бағыттағы іс-шаралар түрлерін өткізу	жоспар бойынша	тәрбиешілер
			«Салауатты өмір салтын ертежастан қалыптастыру!» адамгершілік- тәрбиелік іс-шаралар түрлері	жоспар бойынша	Әдіскер, тәрбиешілер